

ГТАМР 34.35.51

МУҒАЛЖАР ТАУЫНЫҢ ӨСІМДІКТЕР ЖАМЫЛҒЫСЫНА АНТРОПОГЕНДІ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ.

А.Т. КАИРОВА

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. Мақалада экономиканың қарыштап дамуының салдарынан Мұғалжар тауының өсімдіктері зардап шегуде, яғни табиғаттың берген сыйына жауапсыздық танытып, зиян келтіруде екенін баяндаған. Бұл мәселені дер кезінде қолға алмасақ, болашақта табиғат өзіне тән сұлулығы мен өсімдік қорларынан зардап шексе, оны орнына қайта келтіру оңайға соқпайтыны баршамызға белгілі. Зерттелген аймақта эколого-фитоценотикалық талдау бойынша далалы өсімдіктер түрлері басым, бірақ орманды өсімдіктердің түрлері де жақсы сақталған. Бүлінген табиғатты қайта қалпына келтіру мүмкін емес. Алдағы уақытта осы жіберген қателіктерді түсініп, қорғау шаралары ұйымдастырылып, биоалуантүрлілігі сақталуын қамтамасыз ету, Мұғалжар тауларының етегінде ұсақ тас өндірумен айналысатын бірнеше шағын кәсіпорындардың экологиялық нормаларды орындауын қадағалу қажет.

Кілт сөздер: ареал, флора, эволюциялық даму, экология, антропогенді фактор, полигон.

Аннотация. В статье излагается нынешнее состояние растительности Мугалжарских гор, в результате бурного развития экономики и безответственного действия людей. Если на проблему вовремя не обратить внимание, последствия могут быть бесповоротными. В исследуемой зоне по эколого-фитоценотическому анализу преобладают виды степных растений, но хорошо сохранились и виды лесных растений. Восстановление нарушенной природы невозможно, поэтому впредь не повторяя ошибок необходимо организовывать защитные мероприятия по обеспечению сохранения биоразнообразия, следить за выполнением экологических норм нескольких малых *предприятий, занимающихся производством мелкого камня в предгорьях Мугалжар.*

Ключевые слова: ареал, флора, эволюционное развитие, экология, антропогенный фактор, полигон.

Annotation. The article describes the current state of vegetation in the Mugaljar mountains, as a result of rapid economic development and irresponsible actions of people. If you do not pay attention to the problem in time, the consequences can be irrevocable. According to ecological and phytocenotic analysis, steppe plant species predominate in the study area, but forest plant species are also well preserved. Restoration of the disturbed nature is impossible, so from now on, without repeating mistakes, it is necessary to organize protective measures to ensure the conservation of biodiversity, to monitor the implementation of environmental standards of several small enterprises engaged in the production of small stone in the foothills of Mugalzhar.

Keywords: area, flora, evolutionary development, ecology, anthropogenic factor, landfill.

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің №229 бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау және биоалуантүрлілікті сақтау, қазіргі және болашақ ұрпақтардың сұранысын әділ қанағаттандыру басты мәселе болуда. [1] Сол себепті орман қауымдастықтарын зерттеп қарастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Зерттеу нысаны ретінде Ақтөбе облысы, Шалқар ауданында орналасқан орташа биіктігі 250-300 метрдей аласа тау жоталары, ал биік жері – Боктыбай(657м) тауы алынған болатын. Бұл нысан – орман өсімдіктерінің оңтүстік таралу аймағы болып табылады. Мұғалжар тауларының аумағы ботаникалық-географиялық жағынан аз зерттелген аумақтарға жатады, өйткені бұрынғы ірі ғылыми зерттеу экспедицияларының тек қана жекелеген нысаны ретінде қарастырылып келген. Қазіргі экономиканың қарыштап дамуының салдарынан Мұғалжар тауының өсімдіктері зардап шегуде, яғни табиғаттың берген сыйына жауапсыздық танытып, зиян келтіруде. Бұл мәселені дер кезінде алмасак, болашақта табиғат өзіне тән сұлулығы мен өсімдік қорларынан зардап шексе, оны орнына қайта келтіру оңайға соқпайтыны баршамызға белгілі.

Мұғалжар тауының оңтүстік аймағының өсімдіктер жамылғысына зерттеу жұмыстары жүргізілгенде 49 тұқымдас, 130 туысқа бірігетін, 195 түрлері көрсетілген. Қоршаған ортаны қорғау және биоалуантүрлілікті сақтау, қазіргі және болашақ ұрпақтардың сұранысын әділ қанағаттандыру басты мәселе болғандықтан туған жердің табиғатын қорғау әрбір адамзаттың міндеті және парызы деп санаймын. Бұл зерттелген аймақта эколого-фитоценодикалық талдау бойынша далалы өсімдіктер түрлері басым, бірақ орманды өсімдіктердің түрлеріде жақсы сақталған.

Кесте 1.Эколого-фитоценодикалық анализі

Фитоценотип түрлері	Саны	Пайызы
Далалы	109	55,8%
Далалы	72	
Орманды- далалы	18	
Шөлді -далалы	10	
Шалғынды- далалы	3	
Таулы – далалы	5	
Тас-далалы	1	
Орманды	40	20,5%
Орманды	28	
Шалғынды –орман	8	
Батпақты –орманды	2	
Бореальды орман	1	
Таулы орман	1	
Шалғынды	21	10,7%
Арам шөпті	16	8,2%
Шөлді	3	1,5%
Су жағасында	1	0,5%
Мәдени	2	1,0%
Батпақты	3	1,5%

Далалы өсімдіктер ғана емес, орманды, шалғынды, орманды-далалы, шөлді- далалы өсімдіктер түрлері де кездеседі, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген 9 түрі, ал сирек кездесетін өсімдіктердің 17 түрін анықтадық.Төменде зерттеу нысаны жүргізілген аймақтың суреттері берілген.



Сурет 1. Боктыбай тауынан төмен қарағанда орман өсімдіктерінің көрінісі мен қайыңды –көк теректі орманы

Зерттеу аймағының биоалуантүрлілігін сақтау барысында, ең алдымен өсімдік жамылғысына әсерін тигізіп жатқан антропогенді факторларды қарастырдық. Соның бірі Мұғалжар тауында елді мекендердің орналасуы. Мұғалжар тауының оңтүстік аймағында орналасқан Боктыбай тауы екі елді мекеннің ортасында орналасқан. Оның біреуі Мұғалжар ауданына қарасты Мұғалжар елді мекені. Тарихи деректерге сүйенсек 1903-1904 жылдары Орынбор-Ташкент теміржол құрылысы салынуына байланысты Мұғалжар бекеті орналасқан. Осы құрылысты жүргізу кезінде ғимараттарды, көпірлерді негізгі құрылыс материалдары есебінде Мұғалжар кварцит тасы қолданған. Жиырмасыншы жылдардың бас жағында «Столыпин реакциясы» деген атпен тарихта қалған реформа кезінде жерімізге орыс қоныстанушылары көшіп келіп, шұрайлы аймақтарға егін еге бастаған. Сонымен қатар қуаттылығы 1 млн 400 мың текшеметр сұрыпталған қиыршық тас шығаратын ірі зауыттың ірге тасы қаланып, 1972 жылы іске қосылады. XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап елімізде химия дамыту екпінді түрде қолға алына бастады. Осыған орай Республиканың батыс өңірінде ірі – ірі құрылыстар салу жоспарланды. Үкімет оның негізгі көзі ретінде Мұғалжар тауының диабаз тасын белгіледі. Міне осыдан бері қаншама уақыт өтті, содан бері Мұғалжар тауының жыныстарын пайдалануда. Бұл табиғаттың берген сыйына залал келтірудің бірден бір мысалы. Екінші елді мекен Шалқар ауданына қарасты Біршоғыр стансасы. Бұл елді мекен де Орынбор-Ташкент теміржол құрылысы салынғаннан бастап құрылған. Бұл аймақта да қазіргі таңда 7 шебін. «Жаңатас - Продактс», «Тас -Кум», «Шат - 2004», «Ақ – Шат - Ақтөбе», «Лашын Тас -Трейд», «Теміржол Жөндеу», «Құлан - Транс» заводы жұмыс жасайды. Табиғаттың сыйлаған осы әсем жұмақтай ұясын ондаған жылдар бойы бұзып-жарып ұсақталған тас дайындап, орнында шаң-тозанын қалдырып жатыр. Бұзып жарған таудың орнын кейін табиғи қалпына келтіру мүмкін емес. Сонда осы аймақтағы жалғыз тау сілемін бұзып жарып жоқ қылғанын кейінгі осы өңірде тұратын адамға, жан-жануарға, аудан табиғатына қандай әсері болмақ ?



Сурет 2. Мұғалжар тауының етегінде орналасқан шағын кәсіпорындар

Мұғалжар тауларының етегінде ұсақ тас өндірумен айналысатын бірнеше шағын кәсіпорындардың бар екенін жоғарыда айтып өттік. Олардың экологиялық нормаларды қалай орындап отырғанын тиісті орындар білетін шығар, ал ауыл тұрғындары үшін қолайлы жұмыс орындары болып отыр. Дегенмен де бұл жағдай халықты да ойландырмай қоймады. Жергілікті халықтың денсаулығы да айтарлықтай емес. Шаң – тозаңнан демала алмай тыныс мүшелерінің аурулары бронхы, астма аурулары асқынып тұр. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша он жылдан бері бау –бақша өсіре алмай, далаға кір кептірудің өзі қиямет екенін, сойған малдың етінің кейде жарамсыз болып қалатынын осы заводтардың шаң – тозаңнан екенін айтып қынжылады. Осы жан - айкайларын жергілікті жердің аудан, облыс басшыларына жеткізсе де ешқандай шара қолданбаған. Осы мәселені қозғап «Диалог» газетінің 2014 жылғы 18 қыркүйекте № 38 нөмірінде «Биршогыр задыхается от пыли щёбёночных заводов» атты мақаламен жариялады.



Сурет 3. Мұғалжар тауының етегінде орналасқан елді - мекен

Жоғарыда көрсетілгендей екі елді мекеннің ортасында орналасқан Боктыбай тауының дала өсімдік жабыны да адамның іс әрекетінің нәтижесінен өзгеріп жатыр. Оның себебі екі елді мекеннің тұрғындары күнделікті күн көріс үшін мал бағады. Мал бағудың қарқынды даму салдарынан тың дала да өзгеріске ұшырап жатыр. Яғни кейбір өсімдіктер саны азайып немесе жоғалып жатса, ал кейбір түрлері жаңадан пайда болып өз ареалын кеңейтіп жатыр. Оған мысал ретінде селеу мен ақ жусанды алуға болады. Селеу өсімдігі мал бағудың

салдарынан құри бастайды, себебі ол мұндай күшке қарсы тұра алмай, шөптесін жабынның құрамынан шығып қалады. Селеуге қарағанда бетеге өсімдігі мал бағудың қолайсыз әсеріне төтеп бере алады. Ал ақ жусан керісінше тіршілігін күшейтіп, өз ареалын кең көлемге таратып қаумалап өседі.



Сурет 4. Мұғалжар тауының қазіргі жағдайы

Бұл Мұғалжар тауына және табиғатына зардабын тигізіп жатқан тек осы мәселелер емес. Сонымен қатар Кеңес Одағының құпиясымен бірге кеткен «Ембі - 5» әскери қалашығы да бар. 1959 жылы 3 қазанда шыққан КСРО Қарулы күштері Министрлігінің Ақтөбе облысынан әскери – сынақ полигонына жер беру туралы бұйрығы Ембі -5 әскери қалашығының дүниеге келуіне негіз болды. Полигонның ресми құжатында ол «№ 10 – шы алаң» деп аталды. Полигон зенитті ракеталы жүйені сынау үшін, ғылыми зерттеу сынақ полигоны болды. Полигон туралы толыққанды мәліметтер жоқ, ол түсінікті мәселе. Бірақ осы полигонда жүргізілген сынақтар туралы мәліметті кейбір ақпарат көздерінен таптым. Егерде сол мәліметтерге сүйенсек . Полигонның жер аумағы – 791 мың га тең болған және төменде көрсетілген жылдарда сынақ жүргізілген.

1964 жылы — ЗРК 2К11 «Круг» («Круг-А» — 1967 ж, «Круг-М» — 1971ж, «Круг-М1» — 1974 ж)

1967 жылы — ЗРК 2К12 «Куб» («Куб-М» — 1973 ж, «Куб-М3» — 1976 ж, «Куб-М4» — 1978 ж)

1971 жылы — ЗРК 9К33 «Оса» («Оса-АК» — 1975 ж, «Оса-АКМ» — 1980 ж)

1980 жылы — ЗРК 9К37 «Бук» (9К37М1 «Бук-М1» — 1983 ж, «Бук-М2» — 1989 ж, 9К37М1-2 «Бук-М1-2» — 1998 ж)

1981 жылы — ПЗРК 9К38 «Игла»

1982 жылы — ЗРПК «Тунгуска» («Тунгуска-М» — 1990 ж)

1986 жылы — ЗРК 9К330 «Тор» (9К331 «Тор-М1» — 1991 ж)

1988 жылы — ЗРС 9К81 «С-300В» (9К81М «С-300ВМ» — 1990 ж)

Әрбір жарылыстың қуаты 20-30 килотоннаға жететін болған. Еліміз егемендік алғаннан кейін 1999 жылы маусым айынан бастап желтоқсанға дейін «Капустин Яр» (4 ГЦМП) (Ресей, Астрахань обласы) толығымен көшірілді. Осы сынақтардың қалған зардабы Мұғалжар тауының табиғатына осы уақытқа дейін тигізіп жатқаны белгілі. Бүлінген табиғатты қайта қалпына келтіру мүмкін емес. Алдағы уақытта осы жіберген қателіктерді түсініп, қорғау шаралары ұйымдастырылып, биоалуантүрлілігі сақталуын қамтамасыз ету, Мұғалжар тауларының етегінде ұсақ тас өндірумен айналысатын бірнеше шағын кәсіпорындардың экологиялық нормаларды орындауын қадағалу қажет. Туған елдің табиғатын қорғауға әр адамзат өз үлесін қосса, болашақ ұрпаққа көрсетер үлгісі болар еді. Ата бабамыздың қалдырған аманатына қиянат жасамау ұрпақ міндеті деп бағалайық..

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Казарчук М.К., Сергеева А.М., Абдуллина А.Г. Ақтөбе облысының географиясы. // Ақтөбе. АМПУ -2012. -318.б
2. Дохман Г.И. Растительность Мугоджар. // Москва, Изд-во географической литературы, 1954. – 236с.
3. Иванов В.В. Реликтовые рощи Южных Мугоджар. / Известия Всесоюзного географического общества. 1969. – 20 -21с
4. «Красна книга Казахской ССР». //Алма-Ата, Наука, 1981 –Ч.2:Растения. -262 с
5. Байтенов М.С. «В мире редких растений». // Алма-Ата, Наука 1985. – 176 с
6. Айпеисова С.А. «Конспект флоры Актюбинского флористического округа». // Ақтөбе, ИП Жанадилов С.Т.,2012. - 175с
7. Айпеисова С.А. «Эндемизм флоры Актюбинского флористического округа» /Известия НАН РК.серия биологическая и медицинская. - 2012. №2 (290). –15-20 с.

ҒТАМР 34.01.45

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТИІМДІЛІГІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Ж.А. КАРЕНЕЕВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан,
Ақтөбе*